

Ж. Назымбек, 3-курс

Ғылыми жетекші — А. М. Ғалым, қылмыстық іс-жүргізу және криминалистика кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі, полиция капитаны (Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы)

ЕСІРТКІ ЖӘНЕ ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАРДЫҢ АЙНАЛЫМЫН ТЕРГЕП ТЕКСЕРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қазіргі уақытта жастарымыздың спирттік ішімдік тұтынуы аздай есірткіге бой ұрады. Осы жағдай көпшілік қауымды қатты алаңдатып отыр. Нашақорлық — халықтың барлық қабаттарын алаңдататын, әр уақытта, әр халықта кездесетін өзекті мәселелердің бірі. Есірткі ерте кезден қолданыста бұрын болған болжау бар.

Заңсыз дайындау — кез келген әдейі жасалған әрекет нәтижесінде белгілі бір есірткі зат Зандағы тізімге енгізілген басқа затқа айналдырылып, дайын күйде қабылдау үшін жасалған әрекет. Осы әрекет қылмыстық құқық бұзушылық аяқталған түрі болып бекітіледі. Ал дайындалу түрлері: технологиялық, формацевтік немесе үй жағдайында дайындау болып табылады. Заңсыз иемдену оны сатып алу мен басқа затқа, дүниеге айырбастап алу, қарыздың орнына беру, қарызға немесе сыйға алу, тауып алғанды иелену құрамында есірткісі бар жабайы өсімдіктерді немесе олардың бөлігін жинау осындай өсімдіктерді күзетілмейтін егістік алқабындағы жинау жұмысы біткеннен кейінгі қалдығын жинап алу заңсыз алынды деп түсіну керек.

Халықтың денсаулығына қарсы қылмыстардың аса қауіпті түрі есірткі, психотроптық күшті әсер ететін және улы заттарды заңсыз айналымға түсіруіне байланысты іс әрекеттер болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 наурыздағы № 186 қаулысымен бекітілген тізіміне медициналық мақсатта пайдалануға тыйым салынған есірткі заттардың 72 атауы көрсетілген. Бұларға: гашиш, кокаин, коннабис, апиын және т. б. заттар жатады¹.

Ескере кететін жай, аз мөлшерде, есірткі заттарын заңсыз сатып алған немесе сақтаған үшін тұлға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 320-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Тұлға есірткіні заңсыз айналымға салды деген сезікпен ұсталды, бірақ ол заттар онда табылмайды. Оқиға орнын қарау есірткінің дәріханалардан, емдеу мекемерінен, химиялық-формацевтикалық кәсіпорындардан ұрланып тергеуде аса маңызды қарау барысында табылған заттарды, ұрланған есірткі түрін анықтау үшін қылмыскердің қолымен қалдырған іздерін айқындау үшін қарайды. Сонымен қатар дабыл жүйесі, оның түрі қалпы келтірілген зақымдарды тексеріледі.

Қарау барысында есірткі заттарын сақтау ережелерін тексеру үшін оның сақтау орындарын қарайды. Оқиға орнын қарау хаттамасында мына жағдайлар көрсетіледі: дәрілердің жалпы түрі, олар не үшін қолданады, салмағы, саны, дәрі туралы негізгі деректерді цифр түрінде қамтитын дәрінің сан түріндегі белгілері (пайдалану мерзімі, дайындаушы кәсіпорын, дәріні дайындаған топтың нөмері). Оқиға орнын қарау барысында сақтау орындарының есірткі заттарының үлгілері өлшеп оралған дәрілер, ауруларға сату үшін дайындалған ампулалар, ұнтақтар, таблеткалар алы алынады. Дайын

дәрмек үлгілерін зерделеп, есірткі заттарын артылу тәсілдері туралы, дайындау технологиясын өзгерту арқылы олардың жетіспеушілігінен жасыру туралы болжамдарды тексеруге болады.

Құрамында есірткі бар өсімдіктер егісін қарау кезінде хаттамада келесі мән-жайлар сипатталады:

- егіс көлемі және өсірілген шөптердің саны;
- олардың бүркеленуі;
- себілген және өсірген мәдени дақылдардың түрі;
- сезіктінің плантацияда болғандығын дәлелдейтін іздерді (қолдардың, аяқтардың, автокөліктің, оттың іздері, үйшіктердің болуы т. б.);
- жерге егін екенде, өңдегенде, егін жинағанда, жерді егін егуге дайындағанда қолданған құралдардың іздері;
- учаскінің сезіктінің үйіне қатысты орналасуы, оған бару жолдары.

Маманның көмегімен егістің үлгілері алынады. Ал егісті жояды.

Ұстау әдеттегідей Тұрғын жайында есірткі заттарын ұстау сақтау, сатып алу–сату, дайындау немесе қолдану кезінде жүзеге асырылады.

Құрамында есірткі заттары бар өсімдіктер егілген учаскеде ұстау, онда нақты жұмыстар жүргізу барсында тыйым салынған дақылды нақты тұлғалардың қылмысты жасағанына мүмкіндік береді.

Есірткіні тасу барысында көлікте ұстау. Ол үшін тасмалдаушылардың маршрутын алдын ала анықтау қажет және олардың айлаларын білу қажет.

Осы мақаламды қорытындылай келе есірткі және психотроптық заттардың медициналық жолмен емес және де заңсыз қолдану біздің елімізде бар деп айтқым келеді. Әлеуметтік экономикалық процестер аумағында әлеуметтік белсенді шеттеп қалған, есірткіні тұтынудың салдарынан өз денсаулығын улаған, кейінгі ұрпағына есірткілік тәуелділік беріп отырған адамдар саны көбеюде. Есірткі тасмалдаушылар кейде жеңіл көлікке тығып кіргіссе ал кейбір кезде көкөністерге толған үлкен жүк машинасымен алып өтеді Ал көлік тексеріс жүргізу үшін ондай заттарды түсіру үшін арнайы орындар қарастырылмаған.

Есірткіні шекарадан алып өту, тарату бойынша қылмыстық жауапкершілікті күшейтуіміз керек деп ойлаймын.

ⁱ Қазақстан Республикасының «Есірткі, психотроптық және улы заттарды заңсыз айналымға түсіру жөніндегі» Заңы 2000 жылы 22 желтоқсан // www.online.zakon.kz